

**6D 020500 «Филология» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Актанова Шолпан Советовнаның «М. Эуэзов пен Э. Хемингуэй
шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы
диссертациясына ғылыми көзесшісінің**

ПІКІРІ

Диссертация жұмысының тақырыбы «М.Эуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбы қазіргі әлемдік және отандық әдебиеттандуда өзекті саналады. Себебі, кос жазушының шығармаларындағы тоғыспалы бағытта зерттейтін ортақ концепт категориялары бүгінгі күнде елеулі тақырыптардың бірі деп саналады. Қазақ халқының дарынды жазушысы Мұхтар Эуезов пен нобель сыйлығының иегері Эрнест Хемингуэй туындыларындағы адам табигатының ерекшелігі, бойындағы ұлттық сипаты жалпы адамзатқа тән белгілерді айқындейды деуге болады.

Диссидентант, американлық жазушы Эрнест Хемингуэй мен Мұхтар Эуезов шығармаларын салыстыра отырып зерттеу және екі жазушының шығармашылығындағы үндестік пен өздеріне ғана тән ерекшеліктерін саралау арқылы қазақ халқының дүниетанымын жалпыадамзаттық рухани құндылықтармен салыстыру мүмкіндігін ала отыра оның ғылыми және практикалық маңызын жоғары екенін көрсете білген.

Диссертациялық жұмыста екі қоғамдық ортада өмір сүріп, екі түрлі әлемдегі адамдар бейнесін әлемдік денгейде көтерген классик жазушылардың шығармаларын қатар алып талданғандықтан зерттеу барысында салыстырмалы әдебиеттанулық талдау принциптеріне де сүйенгені де баса назар аудартады. Диссертациялық жұмысында М. Эуезовтың «Абай жолы», «Көксерек», «Қараш-Қараш», «Оқыған азамат», «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қылыш заман», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Сөніп жану» «Қыр суреттері», «Кім кінәлі» және Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз», «Қош бол, майдан!», «Килиманджаро - қарлы тау», «Қызығы мол сол жылдар», «Жаңбырдағы мысық», «Сыйлыққа канарейка», «Құту күні», «Жеңімпаз ештеңе алмайды (Победитель не получает ничего), Дауылдан кейін (После бури) Убийцы, The Killers (Қаскөйлер), Макомбердің қыска да бақытты ғұмыры (The Short Happy Life of Francis Macomber), Up in Michigan (В Мичигане), Indian Camp (В индийском поселке), Белые слоны (Hills Like White Elephants) атты шығармалары негізінде қарастырылған.

Диссертациядағы ғылыми-теориялық ұғымдардың барлығы алдымен екі жазушының жалпыадамзаттық құндылықтарды көркем әдебиетте беруіне назар сала отырып зерделеу, талдау ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу, ұлттық белгілері мен әр халықтың дүниетанымына негізделген концепт категорияларды саралау ғылыми жұмысының зерттелуінің өзектілігін айқындейды.

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде М.Әуезовтің прозалық мұрасы мен Э.Хемингуэйдің шығармаларындағы адам мен табиғат концептілері рухани экология мәселесімен ұштасып, сараланып берілген.

Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты ретінде қазақ классик жазушысы М. Әуезов пен америкалық жазушы Э. Хемингуэй шығармашылығындағы адам мен табиғат концептілерінің рухани, танымдық, көркемдік үндесу негізінде анықталған, адам жанының рухани экологиясы мәселесінің концептілік тұжырымдауы нақта аталып өткен.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы Мұхтар Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылықтарындағы қаламгер психологиясының тарихи шындықты көркем шындыққа айналдыруда ішкі драматизмнің әсерін айқындалап, образ сомдаудағы, сюжет құрудадағы, жанрлық, стильдік, көркемдік-эстетикалық ерекшелігін анықтаған.

Докторант, диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндетіне қойылған өзекті мәселелерді шешуде Мұхтар Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы табиғат пен адам концептілерінің макро және микро категорияларының ерекшеліктері қос қаламгер шығармашылықтары негізінде айқындаған. Классикалық әдебиеттің қос талантының қаламынан туған көркем туындыларды сұрыптай отырып, табиғат пен адам концептілері категорияларының ұлттық белгілері анықтаған.

Диссертациялық жұмыста екі қоғамдық ортада өмір сүріп, екі түрлі әлемдегі адамдар бейнесін әлемдік деңгейде көтерген классик жазушылардың шығармалары қатар алып талданғандықтан зерттеу барысында салыстырмалы әдебиеттанулық талдау принциптеріне де сүйеніп, саралап талданған.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері жұмыстың алдына қойылған мақсат пен міндеттеріне сәйкес анықталған. Диссертациялық енбекте жүйелік-хронологиялық, әдеби-ғылыми аналитикалық талданған, ғылыми тұжырымдарды саралаланған және қорытындыларды негіздеудің әдістәсілдері кең көлемде қолданылған.

Диссертация жұмысының құрылымы өзара тұластықта жазылған. Тарая, бөліктері зерттеу жұмысының өзектілігін, мақсатын ашуға бағытталған. Қос жазушының шығармалары негізінде адам концептісі, табиғат концептісі, жалпыадамзаттық құндылықтар, кейіпкер бейнесін сомдаудағы психологизм, көркемдік таным үйлесімділіктері филологиялық әдіс-тәсілдер арқылы сан қырынан талданған. Жұмыстың теориялық және практикалық негізі бір-бірімен ұштаса, өзара сабактастықта жазылған.


Докторант Ш.С. Актанова диссертациялық жұмысында академиялық адалдық қағидасын бұзбаған. Жұмыста көрсетілген 124 әдебиет. Диссертацияның теориялық және әдіснамалық негізінде америкалық, ресейдік және отандық зерттеушілердің енбектерін пайдаланған. Ғылыми жұмыста академиялық адалдық принципіне қайшы келетін ешқандай бөгде мәтін, идеялық бүрмалаушылық орын алмаған. Докторант ғылыми ізденушіге қойылатын талаптарды толық орындаған.

Ізденуші Ш.С.Актанова «М.Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» атты ғылыми жұмысында көрсетілген ғылыми тұжырымдары мен ой-пікірлерінің өзектілігі, мақсат-міндеті, жаңашылдығы айқын. Диссертациядағы ғылыми болжамдары қисынды. Зерттеу жұмысы отандық әдебиеттанудың дамуына, салыстырмалы әдебиеттану мен әдебиет теориясы, әдебиеттегі концептілік категориялар зерттеулер аясын кеңейтуге үлес қосады деп есептейміз. Жоғарыда айтылған артықшылығын ескере отырып, Актанова Шолпан Советовнаның «М.Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» атты диссертациялық жұмысын 6D 020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған докторлық жұмысы қоргауға жіберуге лайық деп санаймыз.

Ғылыми кеңесші:
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ
филология кафедрасының менгерушісі,
филология ғылымдарының
кандидаты



Тулебаева Қ.Т.



инспектор отряд
Руссанашева Н.М.

